Егер де сіз эпилепсия немесе ұстама ауруымен ауырсаңыз, ойнау алдында дәрігеріңізбен кеңесіңіз. Жылтылдайтын жарық әсерінен немесе теледидар экранындағы не видео ойын ойнау барысында, экрандағы жарық әсерінен кейбір тұлғалар көз жайсыздығын сезуі, көздің көруінің нашарлауы, бас ауруы, бұлшық еттің түйілуі, тырыспа ұстауы, уақытша көрмей қалуы, есін не бағдарын жоғалтуы мүмкін. Егер де ойын барысында сіз жоғарыда атап өтілген белгілердің бірін сезсеңіз, дереу жүйені қолдануды тоқтатып, дәрігерге қаралыңыз.



## Келесі белгілер пайда болғанда ойынды дереу тоқтатыңыз.

Жоғарыда атап өтілген белгілерден бөлек, егер де сіздің басыңыз ауырса, жүрегіңіз айныса, қажығандықты сезсеңіз, тербеліс ауруындағыдай белгілер пайда болса немесе кез-келген дене бөліктерінде - көз, құлақ, алақан, қол, аяғыңызда жайсыздық сезсеңіз, ойнауды дереу тоқтатыңыз.

## Радио толқындар

Радио толқындар электрондық жабдық және медициналық құрылғыларға (мысалы, кардиостимуляторларға) кедергі тудыруы немесе олардың бүлінуіне ықпал етуі мүмкін.

- Егер де сіз электрокардиостимуляторлар және басқа медициналық аспаптарды қолдансаңыз, сымсыз желіні (Bluetooth® функциясы немесе сымсыз жергілікті желі LAN) қолдану алдында дәрігермен немесе медициналық аспап өндірушісімен кеңесіңіз.
- Келесі жерлерде сымсыз желіні пайдаланбаңыз:
  - Сымсыз желіні пайдалануға тыйым салынған жер, мысалы ауруханалар. Медициналық мекеме аймағында жүйені пайдаланған жағдайда, сол мекеме үшін орнатылған ережелерді сақтаңыз.
  - Өрт хабарлағышы, автоматты есіктер және басқа автоматтандырылған құрылғыларға жақын жерлер.

## 3D-суреттер

3D бейнесуреттерін қарағанда немесе 3D теледидарында стереоскопиялық 3D ойындарын ойнағанда, кейбір адамдарда жағымсыз сезімдер (артық көз тігу, көз талуы, жүрек айнуы) пайда болады. Осындай жағымсыз сезімдер пайда болған жағдайда, сол сезімдер жойылғанша теледидарды пайдалануды тоқтатыңыз.

Әдетте, PlayStation®4 жүйесін ұзақ уақыт пайдаланбау қажет және әрбір сағат сайын 15 минут үзіліс алған жөн. Алайда, стереоскопиялық 3D ойындарын ойнағанда немесе 3D видео қарағанда, қажетті үзілістер жиілігі мен ұзақтығы адамдарға қатысты өзгереді - жағымсыз сезімдер мен жайсыздықтың бәсеңсіп, жойылуы үшін ұзақ та жеткілікті үзілістер алуыңызды сұраймыз. Егер белгілер өзгермесе болса дәрігердің кеңесіне жүгінгеніңіз жөн.

Жас балалардың (әсіресе, алты жасқа дейінгі) көзі әлі дамып жатқан кезі, сондықтан 3D бейне суреттерін қарауға немесе стереоскопиялық 3D ойындарын ойнауға рұқсат беру алдында, педиатрмен немесе офтальмологпен кеңесіңіз. Үлкендердің, жоғарыда балаларға көрсетілген ұсыныстарды сақтап отыруын бақылауы қажет.

## Жүйенің бағдарламалық жабдығы

PS4™ жүйесінің жүйелік бағдарламалық жабдығын жаңарту арқылы қосымша мүмкіндіктерге, жетілдірілген қолданғысқа мен күшейтілген қауіпсіздікке қол жеткізуге болады. Әрқашан соңғы нұсқаға жаңартып отырыңыз.

- Фаламтордан жаңарта алмасаңыз, ойын дискісін немесе USB сақтау құрылғысын пайдалануға болады. Толық ақпараттар алу үшін, жаңарту сайтына кіріңіз (►► артық қақпағы).
- Осы PS4™ жүйесін пайдалану Сони Интерактив Энтертейнмент Инк. компаниясының жүйелік бағдарламалық жабдық лицензия шартын қабылдау деген сөз. Толық ақпаратты [doc.dl.playstation.net/doc/ps4-eula/](http://doc.dl.playstation.net/doc/ps4-eula/) сайтынан қараңыз.

Осы өнімді коммерциялық мақсаттар үшін пайдалануға немесе жалға беруге тыйым салынады.

KZ





## Мазмұны

<b>ЕСКЕРТУ</b> .....	<b>58</b>
<b>Сақтық шаралары</b> .....	<b>61</b>
<b>Сипаттамалары</b> .....	<b>70</b>
<b>КЕПІЛДІК</b> .....	<b>72</b>
<b>Авторлық құқықтар мен сауда белгілері</b> .....	<b>75</b>



Осы нұсқаулықта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі.





## Сақтық шаралары

Осы өнімді пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, оны алдағы уақытта қолдану үшін сақтап қойыңыз. Балалардың ата-аналары мен қамқоршылары осы нұсқаулықты оқып шығып, баланың барлық қауіпсіздік ережелерін орындайтынына көз жеткізулері қажет.

### Қауіпсіздік

Бұл өнім барлық қауіпсіздік мәселелерін мұқият ескере отырып, құрастырылған. Алайда, дұрыс емес қолданылған жағдайда, кез-келген электрлік құрал өртке, электрлік ток соғуына немесе жарақаттарға әкелуі мүмкін.

- Барлық ескертулермен, сақтық шараларымен және нұсқаулықтармен танысып шығыңыз.
- Айнымалы ток сымның желілік ашасында немесе электр розеткасында зақымдардың және шаңның болмауын тексеріп тұрыңыз.
- Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе, қалыптан тыс дыбыстар мен иіс шығарса, қолмен ұстау мүмкін болмайтындай қызып кетсе, қолдануды тоқтатып, айнымалы ток сымын электр розеткасынан суырып, барлық басқа кабельдерді ажыратыңыз.
- Өнімді үстіңгі қақпағы ашулы күйінде пайдаланбаңыз. Қақпақты ашып пайдаланғанда электр тогының соғуы немесе ақаулық тууы мүмкін.
- Жүйені розеткаға оңай қол жететін жерде жалғаңыз және пайдаланыңыз.
- Кепілдік бөлімінен табуға болатын тиісті PlayStation® пайдаланушыларға қызмет көрсету сенім телефонына хабарласыңыз.

### Қолдану және қызмет көрсету

- Жүйе денеден 20 см минималды қашықтықта орнатылып басқарылуы керек.
- Жүйені жабық бөлмеде немесе жүйе қызып кететін жерлерде пайдаланбаңыз. Қарсы жағдайда жүйе қызып кетіп, соны өртке, жарақатқа немесе ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- Егер жүйенің ішкі температурасы көтерілсе, хабар көрсетіледі. Бұл жағдайда жүйені өшіріп, оны біраз уақыт пайдаланбаңыз. Жүйе суыған соң оны жақсы желдетілетін бөлмеге апарып, пайдалануды жалғастырыңыз.
- Құрылғыны жақсы жарықтандырылған бөлмеде қолданыңыз және теледидар экранынан қауіпсіз ара-қашықтықта ұстаңыз.
- PS4™ жүйесін тым ұзақ қолданбаңыз. Ойын ойнағанда сағат сайын 15 минуттық үзіліс жасаңыз.
- Шаршаған болсаңыз немесе ұйқыңыз келіп тұрса, ойнамағаныңыз жөн.
- Сымсыз басқару құралымен жұмыс жасау барысында шаршай бастасаңыз немесе қолыңыз ауырса, дереу жүйені пайдалануды тоқтатыңыз. Егер де өзіңізді нашар сезіне берсеңіз, дәрігерге қаралыңыз.
- Егер сізде төменде көрсетілген денсаулық мәселелерінің бірі болса, дереу жүйені пайдалануды тоқтатыңыз. Егер де белгілер сақталса, дәрігерге қаралыңыз.
  - Бас айналу, жүрек айну, қалжырағандық немесе тербелуге ұқсас белгілер
  - Дене мүшелерінің мысалы, көз, құлақ, алақан немесе қол ауруы
- Жүйені, қосымша жабдықтарын және қандайда кішкене бөлшектерін кішкене балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.



- Осы өнімді кішкене балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Кішкентай балалар кішкентай бөлшектерді жұтып қоюлары немесе кабельдерге оралып қалулары мүмкін, бұл жарақат алу, апатқа ұшырау немесе бұзылу қаупін тудыруы келуі мүмкін.
- HDMI кабелін қоспастан бұрын айнымалы ток сымының электр розеткасынан ажыратылғанын тексеріңіз.
- Найзағай ойнап тұрғанда, жүйеге немесе қосулы құралдар мен қосымша жабдықтарға қол тигізбеңіз.
- Жүйені немесе қосымша жабдықтарды судың қасында қолданбаңыз.
- Жүйенің немесе қосымша жабдықтардың ішіне сұйықтық құйылуына, кіші бөліктердің немесе басқа заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Жүйеге жаңбыр немесе ылғал тигізуге болмайды.
- Осы жүйенің үстіне ішінде сұйық заттары бар ыдысты қоймаңыз.
- Жүйенің немесе қосымша жабдықтардың порттарына қолмен тимеңіз.
- Жүйені немесе қосымша жабдықтарды шаң, түтін немесе бу әсеріне ұшыратпаңыз. Сонымен қатар, жүйені шаң немесе темекі түтіні көп жерге орналастырмаңыз. Шаң немесе темекі түтінінің бөлшектері, ішкі құрамдас бөліктерде (мысалы линзада) тұрып қалады, бұл жүйеде ақаулықтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Жүйені тек вертикалды не горизонталды күйде ғана орнатыңыз. Жүйені вертикалды күйде орналастырған кезде, жүйенің сәйкес моделі үшін тік түпқойманы (бөлек сатылады) пайдаланыңыз.
- Жүйені тасыған кезде сақ болыңыз. Дұрыс ұстамаған жағдайда жүйе құлап, жабдықтары зақымдалып, сынып кетуі мүмкін.
- Тасымалдау өндірушінің түпнұсқалық қаптамасында орындалады.
- Диск салынған соң жүйені қозғамаңыз немесе орнын өзгертпеңіз. Діріл болған кезде диск сырылып, жүйеге зақым келуі мүмкін.
- Жүйе қоймасына деректер сақталып жатқанда немесе жүктеліп жатқан болса, жүйені өшірмеңіз.
- Қуат индикаторы өшкенде айнымалы ток сымының ашасын электр розеткасынан суырыңыз. Қуат индикаторы жанып немесе жыпылықтап тұрғанда, айнымалы ток сымын, ажыратсаңыз, деректер жоғалуы немесе бүлінуі не болмаса жүйе зақымдалуы мүмкін.
- Қуат индикаторы жанып немесе жыпылықтап тұрғанда, жүйені жылжытпаңыз немесе орнын реттемеңіз. Деректер жоғалуы немесе бүлінуі не болмаса жүйе зақымдалуы мүмкін.
- Жүйенің үстіне шықпаңыз немесе заттарды қоймаңыз, оны басқа құрылғыларға тақастыра орналастырмаңыз.
- Лақтырмаңыз, түсірмеңіз, қатты физикалық әсерге душар етпеңіз.
- Жүйені және қосулы қосымша жабдықтарды еденге немесе оларға сүрініп қалатын жерлерге қоймаңыз.
- Қолдану барысында дененің жүйемен немесе жүйенің желдету саңылауынан шығатын ауасымен ұзақ байланысына жол бермеңіз. Осы жағдайлардағы ұзақ байланыс төмен температуралық күйкітерге әкелуі мүмкін.
- Жүйені плазмалық немесе жобалық\* теледидарға қосқан кезде, экранда қозғалмайтын суретті ұзақ уақытқа қалдырмаңыз, өйтпесе бұл экранда тұрақты күңгірт сурет қалдыруы мүмкін.
- \* Бұл СК экрандарға қатысты емес.
- ғаламтортің қауіпсіз және жауапты пайдаланылуын қамтамсыз ету үшін, ата-аналар балалардың ғаламтор арқылы ойнауын бақылағаны жөн. Толық ақпаратты [playstation.com/parents](http://playstation.com/parents) ғаламтор-бетінен қараңыз.





- Гарнитура немесе құлақпаптар жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланылса, есту қабілеті біржола жоғалуы мүмкін. Дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатыңыз. Уақыт өте қатты дыбыс қалыпты болып естіле бастауы мүмкін, бірақ негізінде есту қабілетіңізді зақымдап жатыр. Егер құлағыңызға қандайда шуыл естілсе, ыңғайсыздық тудырса немесе сөйлесулер бәсеңдеп естілсе, тыңдауды тоқтатып, есту қабілетіңізді тексеріңіз. Дыбыс деңгейі қатты болған сайын, есту қабілетіңізге соғұрлым жылдам әсер етеді. Есту қабілетіңізді қорғау үшін:
  - Гарнитура немесе құлақпаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалануды шектеңіз.
  - Шулы ортада асыру үшін дыбыс деңгейін көтермеңіз.
  - Егер қасыңыздағы адамдардың сөйлегенін ести алмасаңыз, дыбыс деңгейін төмендетіңіз.
- Гарнитура немесе құлақпаптарды, теріңізге ыңғайсыздық тудырса, пайдаланбаңыз. Егер гарнитура немесе құлақпаптарды теріңізге ыңғайсыздық тудырса, пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Егер ауру белгілері пайдалануды тоқтатқаннан кейінде жоғалмаса, медициналық көмек алыңыз.
- Гарнитураны немесе құлақаспапты өте құрғақ ауа жағдайларында қолданғанда, кейде құлағыңызды әлсіз әрі жылдам (статикалық) ток соғуы мүмкін. Бұл – статикалық электр тогының денеде жинақталуының нәтижесі және гарнитураның немесе құлақаспаптың ақауы емес.

## Сақтау жағдайлары

- Жүйені, батарея мен қосымша жабдықтарын өте жоғары немесе төмен температура, жоғары ылғалдылық немесе тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Жүйені ас үй немесе шаш келтіргіш сияқты қыздыру жабдығымен қыздырмаңыз. От шығу, жарақаттану қаупі бар немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Жүйені немесе қосымша жабдықтарды тегіс емес, қиғаш немесе дірілдейтін жерлерге орнатпаңыз.
- Өнімдерді бірегей қаптамасында, қышқылдар мен сілтілерден алыс қараңғы, құрғақ, таза, жақсы желдетілетін жерде сақтау керек.

## DUALSHOCK®4 сымсыз басқару құралын пайдалану

Төмендегі ескертпелер басқа басқару құралдарына да қатысты болуы мүмкін.


- Абайлаңыз! Орнатылған литий-ионды батареяны пайдалану:
  - Бұл өнімде литий-ионды қайта зарядталатын батарея бар.
  - Бұл өнімді пайдаланбастан бұрын батареяны қолдану мен зарядтау бойынша нұсқауларды оқып, оларды мұқият орындаңыз.
  - Батареяны қолданғанда өте мұқият болыңыз. Дұрыс қолданбаудан өрт шығу немесе күліп қалу қаупі бар.
  - Батареяны ашуға, сындыруға, қыздыруға немесе отқа тастауға болмайды.
  - Өнімді пайдаланбаған кезде батареяны ұзақ уақытқа зарядтамаңыз.
  - Әрдайым қолданылған батареяларды жергілікті заңдарға немесе талаптарға сай тастаңыз.
- Бүлінген немесе ағып кеткен литий-ионды батареяларды ұстамаңыз. Егер ішкі батарея сұйықтығы ағып кетсе, өнімді пайдалануды дереу тоқтатып, көмек алу үшін техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер сұйықтық киіміңізге, теріңізге немесе көздеріңізге тиген болса, сол тиген аймақты дереу таза сумен шайып, дәрігерге көрініңіз. Батарея сұйықтығы соқыр болу қаупін тудырады.
- Сүйек, буын немесе қол бұлшық ет ауру белгілері болса немесе жарақаттанса, дірілдеу функциясын

KZ





пайдаланбаңыз. Егер де сізде ауру белгілері бар болса немесе жарақат алған болсаңыз, діріл функциясы бар бағдарламалық жазбаларды ойнату үшін, діріл функциясы өшірілмейінше, сымсыз басқару құралын пайдаланбаңыз.

- Діріл функциясын функция экранындағы  (Settings) (Параметрлер) мәзірінде қосуға және өшіруге болады.
- Сымсыз басқару құралының қозғалыс датчигі функциясын пайдаланған кезде, келесі сақтық шараларын сақтаған жөн. Егер де басқару құралы айналасындағы адамдармен немесе заттармен соқтығысса, бұл адамның жарақат алуына және жабдықтың зақымдануына әкелуі мүмкін.
  - Қозғалыс датчигі функциясын пайдалану алдында, айналаңызда жеткілікті бос орын бар екендігіне көз жеткізіңіз.
  - Сіздің қолыңыздан шығып, жарақат немесе зақым келтіруіне жол бермеу үшін сымсыз басқару құралын қатты ұстаңыз.
  - Сымсыз басқару құралын USB кабелімен пайдаланған кезде, кабельдің адаммен немесе затпен қақтығыспайтынына көз жеткізіңіз және ойнағанда кабельді PS4™ жүйесінен шығарып алмаңыз.
  - Ұқсас басқару құралы (DUALSHOCK®), ұқсас басқару құралы (DUALSHOCK®2) және DUALSHOCK®3 сымсыз басқару құралы секілді кейбір PlayStation®, PlayStation®2 және PlayStation®3 жүйелік перифериялы құрылғылар PS4™ жүйесімен сыйысымды емес.
- Жыпылықтап тұрғанда басқару құралындағы жарық жолағы на қадала қарамаңыз. Егер денеңізде жарық стимуляциясынан ыңғайсыздық немесе қандайда бір ауру белгісін байқасаңыз, пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
- Температура аумағы 10 °C және 30 °C аралығында болатын ортада зарядтаңыз. Басқа орталарда зарядтағанда тиімді нәтиже болмауы мүмкін.

- Батареяның қызмет ету мерзімі шектеулі. Батарея қызметінің ұзақтығы жиі қолдану және уақыт ету нәтижесінде қысқарады. Батареяның қызмет ету мерзімі сақтау әдісіне, пайдалану жағдайына, қоршаған ортаға және басқа факторларға да байланысты болады.
- Сымсыз басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмаса, батареяның функционалдық мүмкіндігін сақтау үшін кемінде жылына бір рет батареяны толық зарядтаған жөн.

## Желдету саңылаулары

Желдету саңылауларын жаппаңыз. Жақсы желдетуді қамтамасыз ету үшін келесі ережелерді сақтаңыз:

- Жүйені қабырға бетінен кемінде 10 см ара-қашықтықта орнатыңыз.
- Жүйені ұзын түктері бар төсенішке немесе кілемге қоймаңыз.
- Жүйені өңсіз және тар жерге қоймаңыз.
- Жүйені матамен жаппаңыз.
- Желдету саңылауларында шаң жиналуына жол бермеңіз.

## Айнымалы ток сымын қолдану

- Қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету үшін айнымалы ток сымын жиі тексеріп тұрыңыз. Егер зақымдалған болса, пайдалануды дереу тоқтатып, кепілдік бөлімінен табуға болатын тиісті PlayStation® пайдаланушыларға қызмет көрсету сенім телефонына хабарласыңыз.
- Берілген айнымалы ток сымынан басқа қуат сымын пайдаланбаңыз. Сымды өзгертпеңіз.
- Сулы қолыңызбен айнымалы ток сымының ашасын ұстамаңыз.
- Айнымалы ток сымын, әсіресе ашаның қасында, розетка және сымның жүйемен қосылу орнында, оның үстінен жүруіне немесе қысылуына жол бермеңіз.





- Сым үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Айнымалы ток сымын қыздырғыш жабдық қасына орналастырмаңыз және оны жылу әсеріне ұшыратпаңыз.
- AC IN коннекторының қасында шаң немесе басқа заттардың жиналуына жол бермеңіз. Айнымалы ток сымын жүйеге немесе розеткаға қоспастан бұрын, қуат ашасының, сымның байланыстырғыш ұшының, электр розетканың немесе жүйенің артындағы AC IN коннекторының ішінде не үстінде шаң немесе басқа заттардың жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Егер де аша немесе коннектор ластанған болса, оларды қосу алдында құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Жүйені тазалау немесе жылжыту алдында не болмаса жүйені ұзақ уақытқа пайдалануды жоспарламасаңыз, айнымалы ток сымын электр розеткадан шығарыңыз. Ажыратқан кезде сымын ашасынан ұстап, оны электр розеткадан туралап тартыңыз. Ешқашан сымнан суырмаңыз және бұрыштан тарпаңыз.
- Айнымалы ток сымын трансформаторға немесе инверторға қоспаңыз. Айнымалы ток сымын шетел сапары үшін кернеу трансформаторына немесе жүйені автокөлікте қолдану үшін инверторға қосу, жүйенің қызып кетуіне әкеледі, бұл күйік немесе ақаулықтарды туғызуы мүмкін.

## Жүйені немесе қосымша жабдықтарды ешқашан бөлшектемеңіз немесе түрлендірмеңіз.

PS4™ жүйесін және қосымша жабдықтарды өнім құжатындағы нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Жүйе және қосымша жабдықтарды талдауға және өзгертуге, сонымен қатар оларда қолданылған схематехникалық өзгерістерді қолдануға рұқсат берілмейді. Жүйе немесе қосымша жабдықтарды рұқсатсыз өзгерту кепілдіктің күшін жояды. PS4™ жүйесінің ішінде пайдаланушы өзі жөндей алатын

бөлшек жоқ (қатты дискіні шығаруға болады, бірақ оны бөлшектеуге немесе өзгертуге болмайды). Осымен қатар, лазерлік сәулелену әсері және электр ток соғу қаупі бар.

## Желі

- Желіге қосылу үшін ғаламтормен Жылдамдығы жоғары қосылым байланысы болу керек.
- Ғаламтормен байланысты шығындарға пайдаланушы жауапты. Толық ақпаратты қызмет көрсету келісім-шартында берілген мәліметтерден қараңыз немесе ғаламтор қызмет провайдеріне хабарласыңыз.
- Тек 10BASE-T, 100BASE-TX немесе 1000BASE-T желілерімен үйлесімді Ethernet кабелін пайдаланыңыз. Дәстүрлі телефон линиясы мен кабеліне арналған кабельдерді немесе осы құжатта келтірілмеген кабельдерді пайдаланбаңыз. Жарамсыз кабельді немесе сымды пайдаланған жағдайда LAN порты арқылы қажетінен артық электр ток өтуі мүмкін, бұл қызып кету, тұтану немесе ақаулыққа әкеліп соғады.

KZ

## Сымсыз желі функциясы

- Осы өнімнің сымсыз желі функциясы пайдаланатын жиілігі – 2,4 ГГц (WLAN, Bluetooth®) / 5 ГГц (WLAN) диапазоны. Радио толқындарының 2,4 ГГц диапазонын түрлі құрылғылар ортақ пайдаланады. Алайда, кейбір жағдайларда, басқа құрылғылардың кедергілері байланыс жылдамдығын азайтуы, сигнал диапазонын қысқартуы немесе байланысты кенеттен тоқтатуы мүмкін.
- 5150-5350 МГц жолағында пайдалану тек үйдің ішінде жүзеге асырылуы керек.
- Сымсыз желінің қосылу нүктесін таңдау үшін PS4™ жүйесінің сканерлеу функциясын пайдаланғанда, ортақ қолдануға арналмаған қосылу нүктелері табылуы мүмкін.



Өзіңіз рұқсат етілген қосылу нүктесіне немесе ортақ пайдаланудың сымсыз желісі арқылы жетімді нүктелерге не қоғамдық қосылу нүктелеріне қосылыңыз.

## Ылғал конденсациясы

Егер де жүйе суық жерден бірден жылы бөлмеге әкелінсе, жүйе ішіндегі линзада немесе дискте ылғал жиналады. Бұл жағдайда жүйе дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін. Дискті шығарып, жүйені өшіріңіз және ашаны розеткадан шығарыңыз. Ылғал буланып кеткенше, дискті кері салмаңыз (бұл үрдіс бірнеше сағат алуы мүмкін). Егер жүйе әлі де дұрыс жұмыс істемесе, кепілдік бөлімінен табуға болатын тиісті PlayStation® пайдаланушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Тазалау

Қауіпсіздік мақсатында, жүйені немесе қосулы қосымша жабдықтарды тазалау алдында айнымалы ток сымын электр розеткасынан ажыратыңыз.

## Сыртқы жазықтықтар (жүйенің және сымсыз басқару құралының пластикалық корпусы)

Өнімнің сыртқы бетін зақымдалудан немесе түсін жоғалтудан сақтау үшін төменде көрсетілген нұсқаулықтарды орындаңыз.

- Құрғақ жұмсақ матамен сүртіңіз.
- Инсектицидтер немесе басқа ұшпа заттарды қолданбаңыз.
- Өнімнің сыртқы бетіне ұзақ уақытқа резеңке немесе винилден жасалған материалдарды қоймаңыз.
- Еріткіштер және басқа химикаттарды пайдаланбаңыз. Химиялық өңделген тазалаушы құралмен сүртпеңіз.

## Желдету саңылаулары

Жүйенің желдету саңылауларында шаң жиналса, оны қуаттылығы төмен шаңсорғышпен жойыңыз.

## Порттар

Порттар немесе айнымалы ток сымы ластанған болса, жүйені пайдаланбаңыз. Лас күйінде пайдаланылған болса, жүйенің электр жабдығы бузылуы мүмкін. Жұмсақ мата көмегімен шаңды сүртіңіз.

## Гарнитура

Егер дыбыс болмаса немесе гарнитурадан шығатын дыбыс сапасы төмен болса, гарнитура штекері мен гарнитура ашасының таза екендігін тексеріңіз. Егер таза болмаса, оларды құрғақ, жұмсақ матамен сүртіңіз.

## дисктер

### Үйлесімділікке қатысты ескерту

Аймақтық немесе территориялық шектеулері бар кейбір тасушыларды жүйе қолдамауы мүмкін. Толық ақпаратты тасушы орамасынан қараңыз.

### Пайдалану

Дисктегі бармақ таңбасы, шаң, лас немесе сызаттар суреттердің бұлыңғырлануына және дауыс сапасының нашарлауы мүмкін. Дисктерді күтіп ұстаңыз және пайдалану алдында таза екеніне көз жеткізіңіз.

- Дискпен қандай да бір әрекеттер орындағанда оның бетіне тимей, шетінен ұстаңыз.
- дискке қағаз немесе скотч жапсырмаңыз, оның үстіне жазбаңыз.

## Сақтау

- Дискті жоғары температураның, жоғары ылғалдықтың немесе тікелей күн сәулелерінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- дисктер ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын жағдайда, оларды қыныларында сақтаңыз. дисктерді қынысыз дестелеу немесе оларды қиғаштап жинау диск түрінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

## Тазалау тәсілі

- дисктерді жұмсақ матамен ортасынан шетіне қарай бағытта жайлап сүртіңіз.
- дискке зақым келтіретін еріткіштерді, тазалағыш құралдарды, тұрақтылыққа қарсы спрейлерді және басқа химикаттарды пайдаланбаңыз.



KZ

## Тік түпқойма (бөлек сатылады)

### Қауіпсіздік

- ТҮНШЫҒУ ҚАУІП БАР - шағын бөліктер бар. Кішкентай балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз.

### Қолдану және қызмет көрсету

- Жүйені тік күйге орнату кезінде жүйенің осы үлгісіне тік түпқойма (бөлек сатылады) пайдаланыңыз.
- Түпқойманы жүйеге тіркегенде жүйені жұмсақ матаға қойыңыз.
- Түпқойманы тіркегенде, жүйені тек түпқоймадан көтеруге болмайды.

### Түпқойманы бекіту


#### 1 Дұрыс тіркемені таңдаңыз.

Жабдықпен бірге келген екі тіркеменің таңбалары әртүрлі. Осы жерде көрсетілген тіркеме - PS4™ жүйесімен пайдаланылатын дұрыс біреуі.



#### 2 Тіркемені сүйеніш бағандарын төмен қаратып ұстаңыз. Содан кейін тіркемедегі △○×□ белгісі мен PS4™ жүйесін бір деңгейге келтіріңіз.

Тіркемені жүйенің үстіне жалпағынан жатқызып енгізіңіз.







**3 Түпқойманы резеңке бөлшегін жоғары қаратып ұстаңыз. Содан кейін түпқойманы тіркеменің үстіне, тесіктерін сәйкестендіріп, орнатыңыз.**

Түпқоймада әр түрлі белгіден тұратын екі саңылау бар. Осы жерде көрсетілген таңбаға сәйкес саңылауды пайдаланыңыз.

Түпқойманы жүйенің үстіне жалпағынан жатқызып орнатыңыз.



**4 Бекіту бұрандасын бұрап бекіту үшін тиынды немесе соған ұқсас бір басқа жалпақ затты пайдаланыңыз.**



KZ

## Сипаттамалары

Құрылым және техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Пайдаланыстағы бағдарламалық қамтым нұсқасына қарай, жүйе нұсқаулықта сипатталғаннан өзгеше жұмыс жасауы мүмкін.

### PlayStation®4 жүйесі

<b>Басты процессор</b>	Бір кристалды тұтынушы процессоры Орталық процессор: x86-64 AMD «Jaguar», 8 ядролы GPU: 1.84 TFLOPS, AMD Radeon™ негізделген графикалық машина
<b>Жады</b>	GDDR5 8 Гбайт
<b>Қатты диск</b>	Ішкі, 500 Гбайт*1 (CUH-2208A) Ішкі, 1 ТБ*1 (CUH-2208B)
<b>Оптикалық дискі (тек оқуға арналған)</b>	BD 6× CAV DVD 8× CAV
<b>Лазер</b>	Тип: жарты өткізгішті, үздіксіз сәуле шығару BD толқын ұзындығы: 395 - 415 нм Қуаты: макс. 1 мВт DVD толқын ұзындығы: 640 - 675 нм Қуаты: макс. 1 мВт CD*3 толқын ұзындығы: 765 - 805 нм Қуаты: макс. 1 мВт
<b>Енгізулер/Шығарулар*3</b>	SuperSpeed USB (USB 3.1 Gen1) порт × 2 AUX порты

<b>Желі</b>	Ethernet (10BASE-T, 100BASE-TX, 1000BASE-T) IEEE 802.11 a/b/g/n/ac Bluetooth® 4.0 (LE)
<b>AV-шығару</b>	HDMI™ OUT порты*4
<b>Басқару құралы</b>	DUALSHOCK®4 сымсыз басқару құралы
<b>Электрлік</b>	220-240 В ~ 0.8 А 50/60 Гц
<b>Максималды ұзақ қуат</b>	165 Вт
<b>Сыртқы габариттер (шығып тұратын бөліктерді қоспағанда)</b>	Шамамен 265 × 39 × 288 mm (ені × биіктігі × тереңдігі)
<b>Салмағы</b>	Шамамен 2,0 кг
<b>Жұмыс температурасы</b>	5 °C ден 35 °C
<b>Негізгі жабдықталған элементтер</b>	HDMI кабелі USB кабелі Моно гарнитура (дыбысты өшіру мүмкіндігімен) Айнымалы ток сымы
<b>Өндіруші ел</b>	Қытай

\*1 Қатты диск сыйымдылығының бір бөлігі жүйе әкімшілігімен байланыс, техникалық қызмет пен қосымша опциялар үшін пайдалануға сақталады. Нәтижесінде, қатты диск сыйымдылығы түрлі болуы мүмкін.

\*2 CD дискісін ойнату мүмкін емес.

\*3 Барлық қосылған құрылғылардың пайдалануға жарамдылығы көпіл емес.

\*4 Жабдықталған HDMI кабелін пайдаланыңыз.

## DUALSHOCK®4 сымсыз басқару құралы

Ену тогының көрсеткіші	5 В $\approx$ 800 мА
Батарея типі	Ішкі литий-ионды батарея
Батарея вольтажы	3.65 В $\approx$
Батарея сыйымдылығы	1 000 мАс
Жұмыс температурасы	5 °С ден 35 °С
Салмағы	Шамамен 210 г
Өндіруші ел	Қытай

## Тік түпқойма (бөлек сатылады)

Сыртқы габариттер (шығып тұратын бөліктерді қоспағанда)	Шамамен 116 × 9,5 × 295 мм (ені × биіктігі × тереңдігі)
Салмағы	Шамамен 129 г
Өндіруші ел	Қытай

## Ойналатын дисктер

Blu-ray Disc™ (BD)*1	PlayStation®4 форматындағы BD-ROM*2
	BD-ROM
	BD-R
	BD-RE*3
DVD*1	DVD-ROM
	DVD+R/RW
	DVD-R/RW
	AVCHD

\*1 Алғаш рет диск ойнатқанда, Интернет арқылы диск ойнату мүмкіндігін қосуыңыз керек.

\*2 PlayStation® форматындағы бағдарламалық жабдықты, PlayStation®2 форматындағы бағдарламалық жабдықты және PlayStation®3 форматындағы бағдарламалық жабдықты дискіден ойнату мүмкін емес.

\*3 1.0 нұсқасының дисктерінің ойнауы қолдалмайды.

## Аймақ кодтары

Дисктің географиялық таралу негізінде дискке аймақ код тағайындалуы мүмкін. Жүйе келесі аймақ кодтары бар дисктерді ойнай алады.

Диск	Аймақ коды
Blu-ray Disc (BD)	
DVD	 
PlayStation®4 форматындағы BD-ROM	 

KZ



## Ескертулер

- Аяқталмаған DVD дискілерін ойнату мүмкін болмайды.
- Төмендегі дискілерді пайдаланбаңыз. Егер пайдалансаңыз, жүйе зақымдалуы мүмкін.
  - 8 см дискілер
  - Карта, жұлдыз немесе жүрек пішіміндегі дискілер секілді дөңгелек емес дискілер
  - Жарық пайда болған не түрі өзгертілген немесе жөнделген дискілер
- DualDisc мүмкіндіктерінде бір жағы DVD стандартына сай болып, ал екінші жағында тек дыбыс болады. Тек дыбысы бар жағын PS4™ жүйесінде ойнату мүмкін емес.
- дисктердің пираттық көшірмесін жібергенде, әдеттегіден тыс дауыстар шығып, материалдар дұрыс ойнамауы мүмкін.
- Авторлық құқықпен қорғалған BD дискілерін үздіксіз ойнату үшін, AAC (Ақпаратқа қол жеткізудің жетілдірілген жүйесі) жүйесінің шифрлау кілтін жаңарту қажет болуы мүмкін. PS4™ жүйесі Интернетке қосылған болса, шифрлау кілті автоматты түрде жаңартылады.
- Кейбір дискілерді сызаттарға, шаңға, жазба сапасына немесе жазба құрылысының сипаттамаларына байланысты ойнату мүмкін болмайды.
- Сирек жағдайларда, BD және DVD дискілері PS4™ жүйесінде ойнатылғанда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Мұның басты себебі – өндіріс барысындағы немесе бағдарламалық құралдарды кодтау барысындағы ауытқулар.



## КЕПІЛДІК

### КЕПІЛДІК

Осы Өнімді сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Өнімге риза болады деп сенеміз. «Өнім» термині PlayStation® жүйесін және PlayStation® жүйесінің жинағына кіретін барлық ресми расталған сыртқы PlayStation® құрылғыларын білдіреді.

Келесіні ескеріңіз: өнімде алдын-ала орнатылған немесе кейінірек түзетілген немесе жаңартылған нұсқа түрінде ұсынылатын жүйелік бағдарламалық қамтым сізге лицензия негізінде ұсынылады, сатылмайды және тек Өнімнің бөлігі ретінде қолдану үшін арналады. Осы жүйелік бағдарламалық қамтым шарттары playstation.com/legal сайтында келтірілген.

Бұл Кепілдік Сізге, Грэйт Мальборо көшесі 10, Лондон қаласы, Ұлыбритания, W1F 7LP мекен-жайы бойынша орналасқан Sony Interactive Entertainment Europe Limited («SIEE») компаниясы Өнімінің бірінші пайдаланушысына беріледі. Ол сіз үшін арналған және өзге тұлға оны пайдалана алмайды. Бұл Кепілдік пайдаланушы құқықтарына (заң орнатқан) қосымша болып табылады және оларға ешқалай әсер етпейді.

Біздің сізге Кепілдігіміз: SIEE материалдар және Өнім өндіруге байланысты ақаулардың жоқтығын кепілдейді. Төменде атап өтілген шарттарға сәйкес тиісті пайдаланылған жағдайда Өнім ақаулығы пайда болса және ол ақаулық материал немесе өндіру кемшіліктерімен байланысты болса, компания бірінші сатып алу күнінен бастап 1 (бір) жыл ішінде («Кепілдік мерзімі») осы Өнімнің кез-келген құрамдас бөлігін тегін өңдеуге немесе (SIEE қарастыруы бойынша) ауыстыруға міндеттенеді. Жаңа немесе қалпына келтірілген құрамдас бөлік немесе жүйе (SIEE қарастыруы бойынша) ауыстырылады. Ауыстырылған құрамдас бөлік кепілігі 3 (үш) ай және бастапқы кепілдік мерзімінің қалған уақытында әрекет етеді. Бұл Кепілдік пайдаланушы мәліметтерін, Өнім жинағына қосылған не қосылмаған кез-келген бөлек бағдарламалық қамтым немесе PlayStation® ойындарын,





сонымен қатар SIEE компаниясы немесе ол үшін өндірілмеген кез-келген басқа PlayStation® қосымша жабдықтарын қамтымайды.

## МАҢЫЗДЫ

1. Осы Кепілдік бойынша шағымданғыңыз келсе, қайтару нұсқаулығын алу үшін жергілікті пайдаланушыларға қызмет көрсету орталығына немесе электронды адресіне жүгініңіз.
2. Кепілдік SIEE компаниясы Өнімді саудаға қойған Әзірбайжан, Белоруссия, Грузия, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркменстан, Украина және Өзбекстан елдерінде келесі жағдайларда әрекет етеді:
  - a. ақау бұйыммен бірге Кепілдік мерзімінде (бастапқы сатып алу уақытынан бастап өзгертілмесе немесе өшіріп тасталмаса) сатып алу күні мен сатушы аты көрсетілген түбіртек, шот-фактура немесе сатып алуды растайтын басқа құжат ұсынылған жағдайда; және
  - ә. кепілдік мөрі, Өнімнің сериялық нөмірі зақымдалмаған, өзгертілмеген, өшірілмеген немесе жойылмаған болса;
  - б. өнім орамасын ашуға немесе алуға әрекет жасалғандығын (сәтті немесе басқа) көрсететін дәлел болмаса.
3. Бұл Кепілдік астында SIEE компаниясы Өнімді немесе Өнімнің компонентін зақымдалған Өнімді сізден алған 21 күн ішінде өңдеу қажеттігін немесе ауыстыру қажеттігін өзі шешеді. Барлық ауыстырылған Өнімдер және / немесе компоненттер SIEE компаниясының меншігіне айналады.
4. Жөндеу немесе ауыстыру барысында бағдарламалық қамтымының соңғы нұсқасы немесе Өнімнің жаңартылған бағдарламасы орнатылады.
5. Алмалы қатты дискі («HDD») бар Өнімдер
  - a. Қызмет көрсету орталығының маманымен кепілдік шарттары туралы келіскен кезде алынбалы қатты дискісі бар өнімдерді түпнұсқалы қатты дискімен қайтаруы тиіс.
  - ә. Өнімді жөндеу немесе ауыстыру барысында қатты дискіні қайта форматтау қажет болады.
  - б. Сіз қатты дискіні қайта форматтау барысында сақталған мәліметтер, файлдар немесе бағдарламалық құрал жоғалатынын түсінесіз және келісесіз. Сақтау қажет

мәліметтер, файлдар немесе бағдарламалық құралдың жоғалуын болдырмау үшін, қатты дискісі бар Өнімді кепілдік қызмет көрсетуге жібермес бұрын мәліметтердің резервтік көшірмесін жасап, оны дискіден жойыңыз. PlayStation™Network сенің PlayStation® жүйесі шығу, жасырын болған әр түрлі мағлұматы қорғайды

6. Щоб запобігти пошкодженню, втраті або стиранню даних іншого знімного носія, периферійного обладнання або компонентів, які не є оригінальними, необхідно вилучити дані пристрою перед тим, як звернутися за гарантійним обслуговуванням виробу.
7. Бұл Кепілдік сақталған деректерді, файлдарды немесе бағдарламалық құралды қамтымайды. SIEE компаниясы осы Кепілдікті қолданумен байланысты деректердің, файлдардың немесе бағдарламалық құралдың жоғалуына жауапты болып табылмайды.
8. Слід регулярно виконувати резервне копіювання жорсткого диска, щоб запобігти втраті або зміненню даних. Проте деякі дані не можна піддавати резервному копіюванню. Користувачу потрібно буде перевстановити жорсткий диск.
9. Егер де Өнім зақымы келесі себептермен шартталған болса, Сіз осы Кепілдік аясында шағымдана алмайсыз:
  - a. коммерциялық пайдалану, жазатайым оқиға, немқұрайлы ұстау немесе қате пайдалану (шексіз, осы Өнімді пайдалану мақсатына сәйкес емес пайдалануды, және/ немесе қалыпты пайдалану нұсқаулығы сақталмай пайдалануды, сонымен қатар әрекеттегі жергілікті техникалық стандарттар және қауіпсіздік стандарттарының талаптарын орындамай орнату және пайдалануды қоса);
  - ә. кез-келген авторландырылмаған сыртқы құрылғылармен немесе құрамдас бөліктермен бірге пайдалану (шексіз, ойын сапасын жақсартатын құрылғылар, адаптерлер және қуат көздерін қоса);
  - б. Өнімді дұрыс пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқауларға сай әрекеттен басқа кез келген бейімдеу немесе реттеу немесе өзгерту;
  - в. SIEE компаниясы өкіл етпеген техникалық қызмет көрсету ұйымы орындаған техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу;
  - г. рұқсат етілмеген бағдарламалармен, вирус инфекциясы, өрт,

KZ



сел немесе басқа дүлей апат жағдайында пайдалану; немесе  
f. Өнімді үй немесе жеке пайдалану жағдайларына қатысты емес  
мақсатта немесе Өнімнің техникалық сипаттамаларына сәйкес  
келмейтін жағдайларда пайдалану немесе қызмет көрсету.

10. Жүйелік бағдарламалық қамтым лицензиясын бұзған жағдайда сіз осы Кепілдік аясында шағымдана алмайсыз ([playstation.com/legal](http://playstation.com/legal))
11. Өрекеттегі заң жол беретін шектерде, осы Өнім ақаулықтарын жойған кезде осы кепілдік жалғыз және ерекше құрал болып табылады және осы Өнімге қатысты айтылатын не түспалданатын барлық басқа кепілдер қолданылмайды. Сондықтан SIEE компаниясы немесе Sony ұйымы, не оның кез-келген басқа бөлімі немесе жабдықтаушысы, қалай туылғанына тәуелсіз, мәлімет жоғалуын қоса, әдейі, байқаусыз немесе жанама жоғалту не зақымдау үшін жауапты емес.
12. Осы Өніммен байланысты ұсынылатын қызмет немесе үшінші жақ өнімі үшін SIEE кепілдік бермейді. .

Егер де осы Кепілдік қамтитын Өнімді жөндеу қажет болса, жергілікті пайдаланушыларға қызмет көрсету орталығына жүгініңіз. Егер де сіздің еліңіз тізімде болмаса, сатушыға жүгініңіз.

### Пайдаланушыларға қызмет көрсету желісінің нөмірлері:

<b>AZ</b>	Azərbaycan
<b>BY</b>	Беларусь
<b>GE</b>	საქართველო
<b>KG</b>	Кыргызстан
<b>TJ</b>	Тоҷикистон
<b>TM</b>	Türkmenistan
<b>UZ</b>	O'zbekiston

☎ +7 495 258 7669

**IN** भारत गणराज्य

☎ 1800-103-7799

✉ [sonyindia.care@ap.sony.com](mailto:sonyindia.care@ap.sony.com)

**KZ** Қазақстан

☎ 8-800-070-70-35

✉ [info@sony.ru](mailto:info@sony.ru)

**RU** Россия

☎ 8 800 200 7667

✉ [info@sony.ru](mailto:info@sony.ru)

**UA** Україна

☎ 0 800 307 669


✉ [info@sony.ua](mailto:info@sony.ua)

Өнімді жергілікті электрлік және электрондық қайта өңдеу заңдарына сәйкес тастаңыз.

Сатуды қолданыстағы жергілікті заңнамаға сәйкес орындау керек.

## Авторлық құқықтар мен сауда белгілері

«PS4», «PlayStation», «PS4», «DUALSHOCK», және «△○×□» — Сони Интерэктив Энтертейнмент Инк корпорациясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

«SONY» және «» — Сони Корпорейшн корпорациясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

AMD and Radeon are trademarks of Advanced Micro Devices, Inc.

The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by the Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by Sony Interactive Entertainment Inc. is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.

“Blu-ray Disc™” and “Blu-ray™” are trademarks of the Blu-ray Disc Association.

The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc. in the United States and other countries.



Manufactured under license from Dolby Laboratories. Dolby and the double-D symbol are trademarks of Dolby Laboratories.



For DTS patents, see <http://patents.dts.com>. Manufactured under license from DTS Licensing Limited. DTS, DTS-HD, the Symbol, & DTS and the Symbol together are registered trademarks, and DTS-HD Master Audio | 7.1 is a trademark of DTS, Inc. © DTS, Inc. All Rights Reserved.



Java is a registered trademark of Oracle and/or its affiliates.






USB-IF SuperSpeed USB Trident logo is a registered trademark of USB Implementers Forum, Inc.

Барлық басқа сауда белгілері тиісті иелерінің меншіктері болып табылады.

KZ



## User's Guide

Select  (Settings) >  (User's Guide/Helpful Info) >  (User's Guide) from the function screen. This document contains explanations of how to use each function, how to configure settings and other operations.

You can also view the User's Guide from a computer or other device.

[manuals.playstation.net/document/gb/ps4/](http://manuals.playstation.net/document/gb/ps4/)

## Update site

This site provides the latest information about system software updates, including how to update the system software.




[playstation.com/ps4/](http://playstation.com/ps4/)

## Support

The official site for PlayStation® product support provides the latest questions and answers about your product.

[playstation.com/help/ps4/](http://playstation.com/help/ps4/)

## Руководство пользователя

Выберите в экран функций  (Настройки) >  (Руководство пользователя/полезная информация) >  (Руководство пользователя). Данный документ содержит описание каждой функции, процесса настройки параметров и прочих операций.

Руководство пользователя можно также просмотреть на компьютере или другом устройстве.

[manuals.playstation.net/document/ru/ps4/](http://manuals.playstation.net/document/ru/ps4/)

## Сайт обновлений

На этом сайте находится информация о последних обновлениях системного программного обеспечения и инструкции по выполнению обновления.

[playstation.com/ps4/](http://playstation.com/ps4/)

## Поддержка

Официальный веб-сайт технической поддержки PlayStation® содержит ответы на наиболее часто встречающиеся вопросы о вашем продукте.




[playstation.com/help/ps4/](http://playstation.com/help/ps4/)



Sony  
Interactive  
Entertainment

© 2018 Sony Interactive Entertainment Europe Limited. All rights reserved.

## Посібник користувача

Виберіть  (Settings) (Параметри) >  (User's Guide/Helpful Info) (Посібник користувача/Корисна інформація) >  (User's Guide) (Посібник користувача) на екрані функцій. Цей документ містить пояснення щодо використання кожної функції, здійснення налаштувань та інших операцій. Ви також можете ознайомитись із Посібником користувача через Інтерактиві або інший пристрій.

[manuals.playstation.net/document/ru/ps4/](http://manuals.playstation.net/document/ru/ps4/)

## Сайт оновлення

На цьому сайті міститься остання інформація щодо оновлення системного програмного забезпечення, включаючи описання процесу оновлення системного програмного забезпечення.




[playstation.com/ps4/](http://playstation.com/ps4/)

## Підтримка:

На офіційному сайті з підтримки продуктів PlayStation® є найновіші запитання та відповіді щодо вашого продукту.

[playstation.com/help/ps4/](http://playstation.com/help/ps4/)

## Пайдаланушы нұсқаулығы

Функциялар экранынан  (Settings) (Параметрлер) >  (User's Guide/Helpful Info) (Пайдаланушы нұсқаулығы/Пайдалы ақпарат) >  (User's Guide) (Пайдаланушы нұсқаулығы) тармағын таңдаңыз. Бұл құжатта әрбір функцияны пайдалану жолы, баптауларды орындау жолы және басқа әрекеттер туралы түсіндірмелер қамтылған. Пайдаланушы нұсқаулығын компьютерден немесе басқа құрылғыдан қарауға болады.

[manuals.playstation.net/document/ru/ps4/](http://manuals.playstation.net/document/ru/ps4/)

## Жаңарту сайты

Осы сайт жүйелік бағдарламалық жабдық жаңартулары және жүйелік бағдарламалық жабдықты жаңарту жолы туралы соңғы мәліметтерді қамтамасыз етеді.

[playstation.com/ps4/](http://playstation.com/ps4/)

## Қолдау

PlayStation® өнімін қолдауға арналған ресми сайтта осы өнім туралы соңғы қойылған сұрақтар мен жауаптар бар.

[playstation.com/help/ps4/](http://playstation.com/help/ps4/)

